



**Сабақтың тақырыбы:
Марат Қабанбаев: "Бауыр"
/2-сағат/**

ЭПИГРАФ:

**Іні өседі ағасына сүйеніп,
Көкірегінен күмбір – күмбір күй өніп.
Бірін – бірі қолдап-қорғап жүретін,
Аға – ініге басымызды иелік.**

Айтқали Нәріков



Сабақтың мақсаттары:

Өткен сабақта алған білімдерін тиянақтау, кейіпкерлер туралы өзіндік пікірлерін қалыптастыру

Түрлі тәсілдер арқылы оқушының байқағыштық, тапқырлық, өз ойын жүйелі айту қабілетін дамыту, әдеби шығарманың идеясын тануға үйрету, сөздік қорын молайту

Өңгіме идеясы негізінде оқушыларды адамгершілікке, мейірімділікке, бауырмалдыққа тәрбиелеу, адам тәрбиелеу – ұлы іс екендігін оқушы жүрегіне жеткізу.






Сабақтың құрылымы::

Сабақтың түрі: **іздену сабағы**
Сабақтыңі типі: **білік пен дағдыны қалыптастыру**

Оқытудың әдісі: **баяндау, талдау, жинақтау**
Технологиялар: **дамыта оқыту, сын тұрғысынан ойлау**
Пәнаралық байланыс: **биология, музыка, кино өнері**

Сабақтың барысы: **I. Ұйымдастыру кезеңі**
II. Үй жұмысы:
а) « Бауыр» әңгімесін мазмұндау
ә) “Менің бауырым – менің тынысым”/эссе жазу/



“Ойшақыру” стратегиясы алды?

2. Балалар үйіндегі тәрбие жұмысы қалай ұйымдастырылған?

3. Қалидың тәлім-тәрбиесі қандай, ол немен әуестенеді?

4. Көптен көріспеген ағалы-інілі екеуінің кездесуі сендерге қалай әсер етті? Кездесулерінің салқындығының сыры неде?

5. Манап ел жайында, әкесінің қазасы туралы айтқанда Қали неге жайбарақат қабылдады?

6. Қалидың мінез-құлқы, іс-әрекеттері, арман-қиялдары қандай?

7. Ағалы-інілі екеуінің түбінде түсінісетініне сенесіңдер ме?

“Сәйкестендіру” тесті

Оқиғаның желісі

Әңгіменің басталуы

Әңгіменің
байланысуы

Шиеленісуі

Шарықтау шегі

Шешімі

Оқиғаның өрісі

Көңілі алабұртып, кейін қайтуы

Манаптың ішкі жан күйзелісі

Манаптың балалар үйіне келуі

Інісімен кездесіп мауқын басуы

Бауырлар арасындағы
салқындық

“Сырласу сәті” стратегиясы:

Мәтіннен үзінді	Іс-әрекеті	Менің ойым
Бұрнағы жылы көкемнің басына тас жинап, қорған көтердім.Саман кірпішін өз қолыммен құйдым.	Парасаттылықпен ұғындыру	Өзімді біле түскім келеді
Бозбала:-Тас жинау...О немене?-дегенде жылжып кеткен жерінде омайып отырды да қалды.	Алаңғасарлықпен тыңдау	Кішілік пен кісілік-ұлылықтың белгісі
Мереке қарсаңында жасөспірім боксшылардың қалалық біріншілігі өтеді. Соған жатпай-тұрмай дайындалып жатырмыз.	Арманшыл, жігерлі бала	Күшіне сенген адам ғана мақсатына жете алады

<p>Басын салбыратып отырып-отырып: -Болашақта кім боласың?-дей салды ерін ұшымен.</p>	<p>Ішкі жан күйзелісімен айтты.</p>	<p>Алдағы күнге ұмтылуды</p>
<p>- Басқа немен айналысасың Қали?-деді. “Інім” деген жалғыз да жылы сөз тағы да аузына түспеді.</p>	<p>Бауырмалдық лебізбен айтты</p>	<p>Бауырға деген сезімім артты.</p>
<p>Әскери ұшқыш боламын. Балалар үйінен түлеген ұшқыш ағалар баршылық.</p>	<p>Үміт жүректі қуанышқа толтырады</p>	<p>Арман алысқа жетелейді</p>

“Венн диаграммасы”

Манап


Қали

Манап
еңбекқор,
бауырмал,
адал.Әке
алдындағы
борышын өтеді.
Қамқоршы,
бейнет көрген
жігіт.


Қали қуақы,
жігерлі,
алаңғасар,
арманшыл,
болашаққа
сенімді.
Ата-ана мейірімін
көрген жоқ,
отбасынан алшақ
өскен
бала.



“Топтастыру” стратегиясы



Жетімдер үйі



“Жалғасын тап...”

1. Жақсы ағаң – орман

.....

2.

Көңілің бір күн тарығар.

3. Жолдан адасқан ауылын таппас,

.....

4.....

Ағайының көп болса-ешкім тимес.


5. Үш ағайынды жігіттің отарда малы бар,
Екі ағайынды жігіттің мойнында талы бар,

.....

6. Ағайын - туған кімде жоқ,

.....










**Ананың
жүрек
жылуы**

**Әке
мейірім
і**

**Бақытты
балалық
шақ**



Кім кінәлі?



Қорытынды

Біздер жетім жылатпайтын асыл ек,
Бол тезірек, қасиетсіз ғасыр өт.
Туған жерді сүю деген ұғымды
Сезіне алмау – қандай ұлы қасірет.



Төрткүл жұртқа елеңдеген жайымды ұқ,
Төрткүл жұрттан жоқ іздеген жайымды ұқ.
6014 нәрестені бүгін біз,
Қазақ болу бақытынан айырдық.



Түсін мендік арпалыс пен ашуды,
О, біздің рух неге сонша басылды?!
Олар енді ержетеді Абай мен
Танымастан ұлы Әбунасырды.

Жетімдерін жебеу керек жетер ел,
Мен бәрібір намысыңды көтерем.
Көкек-ана болса болар өмірде,
Мүмкін емес бар болуы көкек ел?!

Үйге тапсырма:

1. Әңгімені өз түйіндеріңмен аяқтау;
2. “Жетімдерін жебеу керек жетер ел”
/ойтолғау жазу/

